

**"Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2012 жылғы 29 маусымдағы № 153 әкімдігінің қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 ақпандағы N 42 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 05 наурызда N 2894 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қарашадағы N 309 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 21.11.2014 N 309 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21 бабына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Жарма ауданының әкімдігінің "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2012 жылғы 29 маусымдағы № 153 қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

3 тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1) мүгедек балаларға әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар) ата-анасының біреуіне және мүгедек баланың заңды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;"

Осы қаулының орындалуын бақылау Жарма ауданының әкімінің орынбасары С.М. Брынзовқа жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Ж. Қасымжанов

